

**Жақсыбаев Б. Е., азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны**  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

## **ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ТЕРГЕУШІЛЕРІМЕН КЕЛТІРІЛГЕН ЗИЯН ҮШІН АЗАМАТТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІПТІК ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының Конституциясының 16-бабында «әркім өзінің жеке басының бостандығына құқығы бар. Заңда көзделген реттерде ғана және тек қана соттың санкциясымен тұтқындауға және қамауда ұстауға болады, тұтқындалған адамға шағымдану құқығы беріледі. Соттың санкциясыз адамды жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімге ұстауға болады. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы», – деп көрсетілген.

Қазіргі таңда ішкі істер органдарының тергеушілері қылмыстық істерді тергеу барысында көптеген қателіктерге жол беріп жатады. Мұның басты себебі тергеушілердің өндірістерінде қылмыстық істердің көп болуы, нақтырақ айтқанда олар физикалық тұрғыда үлгермей жатады. Сол себептен тергеушілер сотқа дейін қылмыстық істерді тергеп, қылмыстық іс бойынша қажетті тергеу әрекеттерін жасап прокурорға жібереді, ал соңғысы қылмыстық істі зерделеп, заңдылығын тексеріп реті бойынша сотқа жібереді. Кейін сот отырысы барысында қылмыстық істі тергеу барысында белгілі болмаған мән-жайлар анықталып сотталушылар ақталып жатқан кездер де байқалып жатады.

Тергеуші қылмыстық істі тергеу барысында айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасын қолданады, соның ішіндегі «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасына тоқталып кеткім келеді. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 147-бабында «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасы көзделген. Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау тек судьяның санкциясымен және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмысты жасады деген күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға қатысты ғана қолданылады. Айрықша жағдайларда да бұл бұлтартпау шарасы қолданылады.

Тергеушілердің қызметінде айыпталушылардың, сотталушылардың ақталып шығулары да аз емес. Мұндай ақталу үкімдерінің шығуына кінәлі болып қылмыстық істі тергеген тергеуші жауапты болады, тергеушінің қылмыстық ісін тексерген прокурор да жауаптылықта болуы тиіс. Осыған қоса, ақталған қылмыскерге қатысты бұлтартпау шарасы ретінде «күзетпен ұстау» қолданылған болса, онда санкцияны берген соттың жауапкершілігі болады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 923-бабында анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдарының заңсыз іс-әрекеттерімен келтірілген зиян үшін жауапкершілігі туралы айқындалып кеткен. Бұл бапта «заңсыз соттау, заңсыз қылмыстық жауапқа тарту, бұлтартпау шарасы ретінде заңсыз қамауға алу, үйде қамауда ұстау, ешқайда кетпеуі туралы қолхат алуды заңсыз қолдану, қамау немесе еңбекпен түзеу түріндегі әкімшілік жазаны заңсыз қолдану, психиатриялық емдеу мекемесіне немесе басқа емдеу мекемесіне заңсыз орналастыру салдарынан азаматқа келтірілген зиянды анықтау, алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары лауазымды адамдарының кінәсіне қарамастан, заң актілерінде белгіленген тәртіппен толық көлемде мемлекет өтейді», — деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 37-бабында күдікті, айыпталушы, сотталушы ретінде тартылған адамды ақтау, сот, қылмыстық қудалау органы адамды ақтау және оған қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтеу бойынша заңда көзделген барлық шараларды қолдануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 38-бабында қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар: адамға заңсыз ұстап алудың, күзетпен ұстаудың, ұйқамқтың, лауазымынан уақытша шеттетудің, арнаулы медициналық ұйымға орналастырудың, соттаудың, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың салдарынан келтірілген зиян қылмыстық процесті жүргізетін органның кінәсі бар-жоғына қарамастан, толық көлемде республикалық бюджеттен өтеледі», — деп көрсетілген. Оның ішінде

моральдық зиян да бар. Келтірілген моральдық зиян үшін ақшалай мәнде өтемақы туралы талаптар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қойылады.

Осы мәселелердің салдарынан мемлекетке үлкен шығын келіп жатыр. Мұндай шығындарға жол бермеу үшін ең біріншіден қылмыстық істерді тергеу барысында қателіктерге жол бермеу қажет, ал мұндай қателіктерге жол бермеу үшін тергеушілердің штатын көбейту керек, соның ішінде тергеушілердің көмекшілері қажет, өйткені тергеушілер қылмыстық істі тергеу барысында, оларға күдікті, айыпталушыға қатысты анықтама, мінездеме тағы да көптеген құжаттарды жинастыру керек, бұған тергеушілердің уақыты көп кетіп жатады. Сол себептен тергеушілердің көмекшілері болатын болса, тергеушілер нақты тек қана тергеу әрекеттеріне толық уақыттарын бөледі, ал көмекшілері қылмыстық іс бойынша қажет құжаттарды жинастырады.

Енді бұл мәселені қарастыру барысында нақты тергеушінің қаншалықты кінәлі екенін анықтау, сол сияқты прокурор мен соттың да. Егер де қызметтік тексеру барысында тергеушінің, прокурордың және соттың немқұрайлығы салдарынан жоғарыда айтылып кеткен ақтау үкімі шығатын болса, онда мемлекет келтірілген зиян үшін өтеген ақша сомасын кінәлі лауазымды тұлғалардан талап етуге құқылы. Бұл жайлы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 289-бабында «Регрестік талаптар» көзделген, нақтырақ келетін болсақ басқа адамның міндеттемесін орындаған борышқор орындалған міндеттеме мөлшерінде сол адамға кері талап (регресс) қоюға құқылы. Үшінші адамның әрекеттері салдарынан міндеттемені орындамаған борышқор осы адамнан залалдарын талап етуге құқылы. Ортақтасқан міндеттемені орындаған борышқор қалған борышқорлардың әрқайсысына оның өзіне тиесілі үлесін шегеріп, тең үлеспен кері талап қоюға құқылы. Борышқорлардың біреуі ортақтасқан міндетті орындаған борышқорға төлемегені осы борышқорға және қалған борышқорларға тең үлесте түседі.

Тағы да тоқталып кеткім келетіні — ақталған адамға қатысты қылмыстық істі жүргізген тергеушінің тәртіптік жауапкершілігі. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңының 56-бабына сәйкес құқық қорғау органдарындағы тәртіптік жазалар тәртіптік жауапкершілік шарасы болып табылады. Қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін қызметкерлерге: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту, атқаратын лауазымынан босату, арнаулы атағын немесе сыныптық шенін бір саты төмендету, құқық қорғау органдарынан шығару, құқық қорғау органының басшылары немесе уәкілетті басшылар берген немесе марапаттаған құрметті атақтарынан, төсбелгілерінен айыра отырып, құқық қорғау органынан шығару, арнаулы атағынан немесе сыныптық шенінен айыра отырып, құқық қорғау органынан шығару тәртіптік жаза түрлері қолданылуы мүмкін<sup>1</sup>.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚРЗ // [www.online.zakon.kz](http://www.online.zakon.kz)